

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
Тарих факультеті
Археология, этнология және музеология кафедрасы

**«Материалдық емес мәдениет ескерткіштерін сақтау және музеефикациялау мәселелелері»
пәні бойынша қорытынды емтиханбағдарламасы және әдістемелік ұсыныстары**

«8D02207 - Музей ісі және ескерткіштерді қорғау» білім беру бағдарламасы

Алматы 2024 жыл

Құрастырушы:

Картаева Т.Е., Археология, этнология жәнемузеология
кафедрасының профессоры, т.ғ.к.
(дайындалған - А.Ж.Т., лауазымы, дәрежесі және
атағы)

«Материалдық емес мәдениет ескерткіштерін сақтау және музеефикациялау
мәселелелері» пәні бойынша қорытынды емтихан жүргізу
бағдарламасы және әдістемелік ұсыныстары кафедра мәжілісінде қаралып, ұсынылды
«___» _____ 2024 ж., хаттама

Kіріспе

Докторанттар «Материалдық емес мәдениетті ескерткіштердің сақтау және зерттеу мәселелелері» пәні бойынша емтиханды жазбаша-оффлайн форматта тапсырады. Бағдарлама «Универ» жүйесіне жүктелді.

I. Қорытынды емтихан бағдарламасын өткізу тәртібі:

1. Емтихан жазбаша түрінде өткізіледі.
2. Емтиханның өтуін қадағалу бақылау камералар, оқытушылардың кезекшілігі арқылы жүзеге асады.
3. Емтихан сұрақтары «Универ» жүйесіне үш блокқа бөлу арқылы енгізіледі.

II. Қорытынды емтихан бағдарламасының регламенті:

1. Емтихан кесте бойынша өткізіледі.

2. Емтихан тапсыру ережесіне сай, докторант емтиханға 30 минут қалғанда аудиторияда болуы керек.

3. Емтихан қабылдау ұзақтығы 2 сағат.

III. Қорытынды емтихан бағдарламасының ережелері:

1. Емтихан барысында студент ұялы телефон, оқулыктар, дәптер, құлаққап және т.б. бөгде заттарды ұстауға, өзімен бірге алып кіруге тыбым салынады. Сонымен қатар басқа студенттермен сөйлесуге, артық қимыл жасауға, артына қарауға болмайды. Емтихан барысын бейне бақылау арқылы мониторинг тобы бақылап отырады. Аталған ережелерді бұзы фактісі анықталса, докторант емтиханнан шығарылады.

IV. Қорытынды емтихан бағдарламасының нәтижелері:

1. Докторанттардың жазбаша жұмыстарын пән оқытушысы тексеріп, баллдарды «Универ» жүйесіне енгізеді.
2. Оқытушы барлық студенттердің баллдарын мұқият тексеріп, емтихан тізімдемесін «Универ» жүйесіндегі қорытынды тізімдемеге докт оранттардың баллдары 48 сағаттың ішінде қойылуы тиіс.
3. «Универ» жүйесіндегі қорытынды тізімдемеге докт оранттардың баллдары 48 сағаттың ішінде қойылуы тиіс.
4. Емтихан нәтижелері бақылау камералардың нәтижелері негізінде қайта қаралуы мүмкін.
5. Егер студент емтихан тапсыру ережесін бұзса, студенттің емтихан нәтижелері жойылады.

Қорытынды емтихан 15 аптада алған білімнің нәтежиесі ретінде жазбаша түрдежүргізіледі. Төмендегі тақырыптар бойынша тапсырмалар беріледі:

1. Қазақстан Республикасында материалдық емес мәдени мұраны корғау және дамыту жөніндегі тұжырымдамасы мен конвенциясы.
2. Қазақстан Республикасында материалдық емес мәдени мұраны корғау және дамыту жөніндегі тұжырымдамасы.
3. Музейлік затын пәнаралық байланыста, МЕММ тұргысынан зерттеу және музейлік далалық экспедицияның маңызы.
4. Материалдық емес мәдени мұра саласындағы ғылыми-зерттеу және іздестіру жобаларының әдістемесі, тәжірибесі, нәтижесі.
5. Жойылу қаупі төнген материалдық емес мәдени мұраны анықтау және сақтау.
6. Даалалық этнографиялық экспедиция материалдарын өңдеу. ЮНЕСКО МЕММ тізімі, 2008-2024 статистикалық талдау.
7. Материалдық емес мәдени мұра саласындағы ғылыми-зерттеу және іздестіру жобаларының әдістемесі, тәжірибесі, нәтижесі.
8. Материалдық емес мәдениет мұраларын зерттеудің негізгі бағыттары, отандық тәжірибелер. ЮНЕСКО МЕММ сайтындағы Қазақстан МЕММ бағаны, РТ ескерткіштерін талдау.
9. Дағестурлі қолөнермен байланысты білімдер мен дағдылар жүйесін ғылыми-практикалық, далалық зерттеу әдістемесі, тәжірибесі.

10. Дәстүрлі кәсіпке қатысты халықтық білімдер мен дағдылар жүйесін ғылыми-практикалық, далалық зерттеу әдістемесі, тәжірибесі.
11. Табиғат пен ғаламға қатысты білімдер мен әдет-ғұрыптар, табиғатты дәстүрлі пайдалану, игеру жолдарын зерттеу тәжірибесі (этноэкспедициялар ұйымдастыру тәжірибесі).
12. Табиғат пен ғаламға қатысты білімдер мен әдет-ғұрыптар, табиғатты дәстүрлі пайдалану, игеру жолдарын зерттеу тәжірибесі. (халықтық білім).
13. «Дәстүрлі шаруашылық» және дәстүрлі қазақ қоғамындағы тіршілікті қамтамасыз ету жүйесін ғылыми зерттеу әдістері, тәжірибесі.
14. Материалдық емес мәдени мұраны қорғауға және дамытуға бағытталған іс-шаралар.
15. Материалдық емес мәдени мұраны қорғау саласындағы мамандардың кәсіби біліктілігі.

Емтихан тапсыру кезінде студенттер қабілетті болуы тиіс:

- материалдық емес мәдениет мұраларының принциптері мен әдістерін талдау;
- материалдық емес мәдениет мұраларын классификациялау және олардың саласын ажырату;
- материалдық емес мәдениет мұраларын ғылыми және көркем жобалау, өз көзқарасын дәлелдеп, нақты ғылыми тұжырымдар жинақтау;
- материалдық емес мәдениет мұраларын сақтаудың ғылыми негіздерін талдау.

Әдебиеттер тізімі

Материалдық емес мәдени мұраны (МЕММ) қорғау жөніндегі Ұлттық коми теттің 2012-2015 жж. арналған Есебі қазақ, ағылшын және орыс тілдерінде. – Алматы, 2015. – 100 б.

Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. ҚРМОМ энциклопедиясы. 5 томдық. Ғылыми редактор Нұрсан Әлімбай. – Алматы: Алем Даму Интеграция, 2017. – 845 б.

Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. 1-том. Біртұтастығы және ерекшелігі / Құрастырған С.Әжігали. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2005. – 328 б.; 2-том. Дүниеге келгеннен озғанға дейін (отбасылық әдет-ғұрыптар ертеректегі авторлардың еңбектері бойынша. – Алматы: «Арыс» баспасы. 2006. – 416 б.

Социокультурная антропология. История, теория и методология. Энциклопедический словарь. Под редакции Ю.М.Резника. – М.: Академический проект, культура; Киров: Константа. 2012. – 1000 с.

Картаева Т., Бексейтов Ф. Музей ісі және ескерткіштану сөздігі. – Алматы: Қазақ университеті, 2018.

Картаева Т., Бейсегулова А. Этнологиялық танымдар сөздігі. – Алматы: Қазақ университеті, 2017. 108 б.

«8D02207 - Музей ісі және ескерткіштерді қорғау» білім беру бағдарламасы бойынша
«Материалдың емес мәдениет ескерткіштерін сақтау және музеефикациялау
мәселелелері» пәнінен емтихан қабылдау нұсқаулығы

Критерий/ балл	ДЕСКРИПТОРЛАР				
	«Өте жақсы»	«Жақсы»	«Қанағаттанарлық»	«Қанағаттанарлықсыз»	
	90–100% (27-30 балл)	70–89% (21-26 балл)	50–69% (15-20 балл)	25–49% (8-14 балл)	0–24% (0-7 балл)
Курстың теориясы мен тұжырымда масын білу және түсіну	"Өте жақсы" деген баға МЕММ бағыттары ерекшелігін саралап, аудиторияда өткен сабакты толық менгеріп, терең ғылыми тұжырым жасап, үш сұрақтың толық жауап жазу.	"Жақсы" деген баға барлық жауап толық, бірақ кейбір мәселелер қамтылмаған, МЕММ міндеттері толық ашылмаған, материалды ұсынудың логикасы мен дәйектілігінде кате жіберілген. Жауапта стилистикалық қателіктердің болуы, терминдердің дұрыс қолданылмауы мүмкін.	"Қанағаттанарлық" деген баға билетте ұсынылған сұрақтардың толық емес дәлелдейді, материалды ұсынудың логикасы мен дәйектілігінің бұзылуына жол береді, сұрақтардың мазмұнын ашпайды.	Қойылған сұрақтарға дұрыс жауап жазбай, кате дәлелдеу, дұрыс емес қорытынды жасау.	Негізгі ұғымдарды, теорияларды білмеу. Қорытынды
Тандалған әдістеме мен технологияны нақты практикалық тапсырмаларға қолдану	МЕММ қатысты сұрақтарды толық орындау, қойылған сұрақтардың мазмұнын ашу, курстың практикалық мәселелерін шешу.	Оқу тапсырмасын ішінара орындау, курстың практикалық міндеттерін толық аша алмау, ғылыми тұжырымдарды дұрыс жеткізе алмау.	Негізгі дереккөздерге тиісті және орынды сілтемелер беріледі. практикалық Ұсынымдар маңыздылау емес, мұқият талдауға негізделмеген және таяз. Дәлелдер үстіртін қолданылады.	Тапсырманы шешудің ұтымсыз әдісі қолданылған, сұрақтар жалпылама жазылған, зерттеулерді аз немесе мүлдем қолданбаған, нормадан асатын қателіктер мен кемшіліктер бар.	Сұрақпен жауаптың мазмұны сәйкес келмейді. Практикалық ұсынымдар мүлдем жоқ немесе ете тәмен сапада. Қорытынды бақылау жүргізу қағидалары

					н бұзу.
Таңдалған әдістеменің ұсынылған практикалық тапсырмасы қолданылуын бағалау және талдау, алынған нәтиженің негізdemесі	Оқу тапсырмасын толық орындаپ, қойылған сұраққа жақтастырып, дәлелді жауап беру, курстың практикалық мәселелерін шешу. МЕММ саласындағы терминдерді қолдану, ғылыми түжырымдар жасау.	Түжырымдама лық материалды пайдалануда 3-4 дәлсіздікке, жалпылау мен түжырымдардағы күштіліктерге жол беріледі, бұл тапсырманың жалпы деңгейіне әсер етпейді.	Негізделген ғылыми ережелердің қолданылуы туралы түжырымдар нақты емес және нәтижесіз, стилистикалық және грамматикалық қателіктер, сондай-ақ практикалық шешімнің нәтижелерін өндөуде дәлсіздіктердің болуы.	Тапсырма өрескел қателіктермен орындалды, сұрақтарға жауаптар толық емес, түжырымдамалық материалдар мен дәлелдер нашар пайдаланылған.	Тапсырма орындалмады, қойылған сұрақтарға жауаптар жоқ, талдау материалдары мен құралдары пайдаланылмады. Қорытынды бақылау жүргізу қағидаларын бұзу.

Емтихан билеттерінде 3 сұрақтан тұрады. Дұрыс орындалған тапсырмалар үшін ең көбі - 100 балл, оның ішінде бірінші сұраққа – 33 балл, екінші сұраққа - 33 балл, үшінші сұраққа - 34 балл